

САЯСИ ҚУҒЫНДАЛҒАН ЗИЯЛЫЛАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОТАНДЫҚ ТАРИХ

Бейсенбекова Н.А., «Тұлғатану» ғылыми зерттеу орталығының директоры, т.ғ.к. доцент
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
Берлибекова А.Ж., 1 курс магистранты
«Bolashaq» Академиясы

Тарихтың даму үрдісінде белгілі бір көшбасшылар, тарихи тұлғалар болады. «Тарихты тұлғалар жасайды» деген шындық - жеке тұлғаның рөлі туралы мәселесімен тығыз байланысты. Тұлғаның қасиеттерінің бірі туралы Мұстафа Шоқай «Ұлттық зиялы» деген мақаласында «...Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін ұлттық зиялы қатарына қоса беруге болмайды. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі» деп өз заманында көрсетсе, бүгінгі күндері шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде шынайы көшбасшы-тұлға болудың өлшемдері - сенімділік, үміт, оптимизм, табандылық, моральдық пайымдау деуменқатар көшбасшылық теориясы туралы ұстанымдарында көшбасшылық – әртүрлі жолмен анықталып негізделеді дей келе, соның бір белгісі ретінде «көшбасшылық бір топ адамның мақсатқа қол жеткізуге көмектесетін ықпал ету процессі» деп жазады. XX ғасырдың басындағы тарихты жазған қазақ зиялылары тарихи тұлға ретінде еңбектері зор. Кезінде дұрыс бағасын алмаған Алаш зиялыларының еңбектері бүгінде тарихи ұлттық сананы қалыптастыруда өз үлесін қоса алады және Қазақстан тарихының Отандық тарихнамасының тұғыры ретіндегі рөлі зор. Олар Отандық тарихтың өзекті мәселелері туралы мол рухани мұра қалдырды [1, 112 б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектерінде қазақ хандығының Ресей империясына тәуелді болуы алдындағы оқиғалар туралы және қосылуы туралы былай дейді: «...ақырында 1723 жылы қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда, қалмақтың бастығы Цеван Рабдан қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазақтар аш-жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты: балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, жаманшылық көргенін де сондай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама болсын» дейді, - Біздің Әнет бабаң деген кісінің 97 жасында жүре алмай қалған жолы да осы... Осы Ақтабан шұбырынды болып ауғанда ұлы жүз Бұхара, Ташкент маңына жақын қалып, орта жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барды. Қыпшақтар онан ары Арал көлі менен Ақ теңізге барып, Башқұрттарменен кіші жүз алшын, онан күнбатыс Һәм солтүстікке барды. Сонда кіші жүздің ханы әз Тәукенің бір баласы Қарт Әбілқайыр деген хан еді. Орта жүзде Болат ханның бір баласы Сәмеке хан еді. Ұлы жүздегі үлкен хан бәрінің үстінен қарайтұғын Болат ханның Әбумұхамет деген баласы еді. Оны біздің қазақ Әбілмәмбет дейді. Аристов сөзінде, сол ауғанда ұлы жүздің қаңлы, дулат деген таптары қалмаққа қарап қалды дейді. Қалмақпенен көбінесе ұрысқан біздің орта жүз еді. Қазақтар үш бөлінерде күніміз туса тыныққан соң жиылып қалмақтан ата қонысымызды алалық деп уағдаласып тарады. Қалмақтың осы зорлығынан ауып ішкері орысқа жақын барғандар, 1731 жылдарда қалмақтан құтылуға орысқа қарамақ болды» деген пікірін Т. Омарбеков өз еңбегінде көрсетеді.

Қасіреті 1723 жылдан басталған жоңғар қалмақтарының қазақ жеріндегі

басқыншылығына көп көңіл бөлгендердің бірі М.Тынышбаев осы жылы қазақтардың күтпеген шабуылға тойтарыс беруге мүмкіндіктері болмағаны сондай, тіптен қорғану туралы әңгімеде көтерілмегенін, басты мақсат жаудан қашып құтылу болғанын, осындай зобаланда мал, дүние-мүлік, қарттар мен балаларда жау қолында қалып қойғанын, қырып салғандарын, олардың, яғни қазақтардың тасып жатқан Талас, Боролдай, Арыс, Шыршық, Сырдария тәрізді өзендерден өтерде суғаағып кеткендерін, сондықтанда зобалаңның қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды» аталып кеткенін атап көрсетеді [2, 56б.].

Оның айтуынша, бұл кезеңде қайыршылық пен аштық шектен шықты: қазақтар бұрын өздері жиіркене қарайтын жәндіктермен, әртүрлі шөптер тамырларымен қоректенуге мәжбүр болды. Сөз арасында М.Тынышбаев академик В.Бартольдтың төмендегідей пікірлерін келтіреді: XVIII ғасырдың 20-жылдарында жоңғар шапқыншылығынан қашқан Самарқанд тұрғындары 7жыл (бәлкім, 1723-1730 жылдар болар) бойы қаланы мүлдем тастап кеткен. Хиуа хандығында да шамамен осы жылдары барлық елді мекендер мен жайылымдар иесіз қалған. Тіптен Хиуаның өзінде 40 жанұядан артық ешкім де қалмаған. Осы қасіретке байланысты М.Тынышбаев мұнан ары Х.Досмұхамедовтың көрсетулеріне сүйенеді. Мұның мазмұны қысқаша айтқанда төмендегідей: Х.Досмұхамедовке 1925 жылы Самарқанда жер болып кеткен көпес қамалын көрсеткен. Онда табылған заттық ескерткіште бұл жерді қазақтар қалмақтарды талқандаған соң, қазақ босқындары Самарқанд және Бұқара аймақтарына толып кеткен кезде жоғарыдағы көпес қамалының иесі сатып алғандығы жазылған. Х.Досмұхамедовтың айтуынша ескерткіш жазуда көрсетілген мерзім «Ақтабан-шұбырынды» оқиғасымен шынында да дәл келеді.

Деректерге сүйене отырып М.Тынышбаев қазақтардың 1726 жылдың соңында немесе 1727 жылдың басында ғана отрядтар ұйымдастырғанын және қалмақтарға қарсы күрескендерін атап көрсетеді: оларға қарсы алғашқы жеңістерге Бұланты, Белеуті (Торғай уезінің оңтүстік-шығыс жазы) өзендері жағалауларында Қарасиыр деген, кейінірек «Қалмақ қырылған» аталған жерде Кіші Орда батырлары қол жеткізген.

Қалмаққа қарсы күресте әйгілі болған Абылай және Әбілқайыр тәрізді тарихи тұлғалар сәл кейінірек Ресеймен қарым-қатынаста шешуші рөл атқарды. Мұның өзі қалмақпен шайқасты Ресейге қосылумен байланыстырып отырған жоғарыдағы Шәкәрім көзқарасында едәуір шындық бар екендігін дәлелдей түседі. Абылайдың атының шығуы туралы Шәкәрім былай деген еді: қазақтар «Әбілмансұрды үлкен хан қойыпты, Абылай атанғаны Абылайлап шапқаннан болды. Абылайдың хан болғаны 1735 жылдың маңайы болар».

Әбілқайыр туралы. М.Тынышбаев өзінің ойын төмендегіше жалғастырады: Жоңғарға қарсы шабуылдаушы үш Орданың жасақтары Ордабасы тауында түйіскен тәрізді. Өзара адал болуға ант беру де осында болған. Әбілқайыр осында бас қолбасы ретінде сайланып, салт бойынша құрбандыққа шалынған ақбоз ат болашақ табыстың кешінідей болды.

М.Тынышбаев қазақтың үш жүзінің осы кезеңде бастары қосылғандарын және онда бас қолбасы ретінде Әбілқайырдың үлкен рөл атқарғанын осы өлкелердегі «Үлкен Орда қонған», «Кіші Орда қонған» және «Әбілқайыр сайы» атты жер атауларының болуымен дәлелдеуге тырысады. Ол жоңғарлармен Балқаштың оңтүстігінде болған соғыстың орнының Аңырақай атануын да «қалмақтардың аңырай, зар-еңіреген» жеңілісімен түсіндіреді. Бұл басты шайқас М.Тынышбаевтың үш жүз қазақтары ортақ жауға қарсы ынтымақтаса соғысқан. Зерттеуші осы шайқаста «бас қолбасшы Әбілқайыр қарт болса керек» деген жорамал даайтады.

М.Тынышбаев мұнан ары дәл осы кезеңде қазақ хандары арасында жікке бөлінушіліктің орын алғанын, реніштің себебі қайтыс болған Болаттың орнына аға ханды сайлау болғанын атап көрсетеді. Оның айтуынша Әбілқайыр басқарған Кіші Орда және Орта Орданың бір бөлігі Сәмеке ханның бастауымен майдан даласын тастап, орыс

шекарасына қарай кетті және сонда орыстың қол астына қарады [3, 12 б.]. Үлкен Орда және Орта Орданың көп бөлігі әлі де қаһарлы хонтайшамен бетпе-бет қалғандықтан кейін шегінді. Қалыптасқан ахуал туралы М.Тынышбаев былай жазады: жаңа ханды сайлау барысында «көпшіліктің таңдауы Әбілмәмбет болдыда, ал Әбілқайыр мен Сәмеке өздерін ескерусіз қалдырды деп есептейді және жалпы қазаққа ортақ істі бүлдіру үшін кетіп қалды. Бұған олар қолжеткіздіде».

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тарихы және тарихи тұлғалары туралы да көптеген мақалалар жазып солардың негізінде қазақ халқының рухани оянуына үлес қосты. Осы жолда ол Абайдың рухани мұрасының тарихи маңыздылығын қазақ мәдениетіндегі орнын жан-жақты талдап, дәлелдеп оны «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласын жазды. Онда Абайдың өмірбаяны, өлендері және оның жиырма жасында ел ішіндегі даудамаларды шешуге қатысып, шешен, би атанғандығын баяндап, оны бүкіл қазақ даласына таныстырады. Абай сияқты тұлғаның өз заманында мұсылманша, орысша оқыған білімінің арқасында қазақ халқының бас ақын болғандығын баяндайды. Әділетті заман болса Абай алаштың атақты биінің бірі болар еді деп баға берген. Сонымен қатар осы мақаласында қазақ даласына жер аударылып келген Гросс және Михаэлис сияқты тұлғалардың Абайдың ақын болып қалыптасуына рухани ықпал жасағандығын көрсетіп: «...Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек [4, 112 б.]... Абайды қолымыздан келген қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» деп қорытындайды.

Қазақ елінің тәуелсіздігін армандаған, азаттық қозғалыстың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы қазақ рухын ояту жолында тарихи жырлардағы батырлардың ерліктері туралы және азаттық жолында күресіп ерлікпен мерт болған батырларды, билерді жоқтау өлендер арқылы, олардың ерлігін тағылым ретінде көрсеткен. Тарихи жырлардың ішінен Ер Сайын жырындағы әділетсіздікке қарсы күресті баяндаса, халық әдебиетінің ерлікті көрсететін мұраларының бірі «23 жоқтау» атты жинақты бастырып шығарады. Сол жинақтың ішінде қазақ елінің батыр ұлдарын жоқтаған жырлар арқылы қазақтың төрт ғасырлық тарихи оқиғаларын көрсетеді. Елбасына түскен ауыртпашылықты жеңе білген ерлердің ерлігін, батырлығын, билердің біліктігін, тарихи тұлғалардың парасаттылығын көрсету арқылы XX ғасырдың басындағы отаршылдықтың және кеңестік биліктің әділетсіздігін көріп отырған қазақ халқына рухани күш бергенін көреміз. Сол жоқтаулардың ішінде Қаз дауысты Қазыбек би, Бопай батыр, Нысанбай жыраудың Кенесарымен Наурызбайды жоқтауы жәнет.б. жырларды тағылым ретінде насихаттауынан Алаш зиялыларының саяси билікке наразы болғанын дәлелі.

Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың тарихы» деп аталатын мақалалар жазып, онда тарихты шежіре, үйретуші, халықты түзу жолға салушы, келешек күннің қандай болатындығын көрсетуге болатын құрал деп бағалайды. Осы мақалаларында қазақ пен қырғызды айырмайтын тарих жазушыларды сынайды. Қазақты қырғыз деп атау қателік, қазақ өмір бойы қазақ болып қалады деген пікір білдіре келе былай дейді: «...Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын... келешекте басына қандай күн туа шағына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өз тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өзге жұрттар қатарында кем, қор болмайын, рухым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін иманы дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады...» деген концептуалдық пікірі бүгінгі күні ұлттық тарихты жазумен насихаттауда негізге алатын ұстанымдардың бірі екендігі заңды.

Азаттық қозғалыстың саяси көсемі болған Әлихан Бөкейханда Отандық тарихтың өзекті мәселелеріне арнап жағрафия қоғамының сүйемелдеуімен қазақ даласының тарихын көп зерттейді. Оның тарих саласындағы жазып қалдырған елеулі мұралары «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи», «Киргизы» атты монографиялары. Бірінші ұжымдық монография 1903 жылы «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көп томдық альманахтың «Киргизский

край» деген ХҮІІ томына еніп, Санкт-Петербурдан жарық көреді. Шығармада қазақ өлкесінің сонау тас, қола дәуірінен бергі тарихы, мекендеген халықтары, олардың мәдени, саяси әлеуметтік жетістіктері кең көрініс тапқан. Автор, сондай-ақ, Дала өлкесінің соңғы ғасырлардағы өмір-тарихын сипаттайды, патша үкіметінің жүргізіп отырған отаршылдық саясатын да батыл суреттеген. Екінші «Киргизы» («Қазақтар») атты еңбегі алғаш рет «Формы национального движения в современных государствах» аты жинақпен 1910 жылы Санкт-Петербурдан басылып шығады. Автор бұл еңбегінде қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік жағдайды зерттеген. Қазақ халқының отаршылдық, переселендік саясатқа деген көзқарасын, далаға келген келімсектермен арадағы қарым-қатынасын, ұлт-азаттық күресінің бағытын, мақсат мүддесін ашып көрсете алған. Еңбекте, сондай-ақ, халқымыздың көкейкесті мәселелері - тіл, сөз бостандығы, дін мәселесінде қозғалады [5, 65 б.].

Автор қазақ мемлекетінің пайда болуының тарихи кезеңдерін, даму заңдылықтарында терең зерттеген. Әсіресе, Кішіжүздің, кейінірек Орта жүзбен Ұлы жүз халықтарының Ресейдің қол астына енуінің себеп-салдарына көңіл бөлген. Ол әр жылдары жағрафия қоғамы Батыс-Сібір бөліміне қараған Семейлік бөлімшесінің басылымдарында жарияланған «Из переписки (писем) киргизских ханов, султанов и пр. пр.», «Из переписки хана Средней Киргизской орды Букеяиего потомков» және «Из бумаг султана Большой Киргизской орды Сюка Аблайханова» атты ғылыми еңбектерінде көрсеткен.

Ол ХХ ғасырдың басындағы қазақтың ұлт азаттық қозғалысының көсемі – Кенесары Наурызбай көтерілісінде қараған. Хан Кене қозғалысына автор алғаш рет «Исторические судьбы Киргизского края...» еңбегінде қысқаша тана тоқталып өтеді. Бірақ, кезінде ол Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы қарулы көтеріліске шыққан Кенесары хан Қасымұлының түпкі мақсат, мүддесін қозғалыстың жеңіліске ұшырауының себептерін ашып жаза алмайды. Сондықтан болса керек ол бұл тақырыпқа Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты кітапшасында қарастырады.

Қуатты Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ашық қарулы көтерілістің әлі де болса заманы тұмағандығын ол жақсы түсінді. Теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп - ол өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, сөйтіп халықтың ұлттық мәдениетін өркендету, өнер-білімін көтеру, ұлттық сана-сезімін оятуды ұлт азаттық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты деп түсінді. Оның 1916 жылғы қарулы көтеріліске түбегейлі қарсы шығуының негізгі себептерін де түсінуге болады.

Тарихшы-ғалым Әлихан Бөкейхан халқының 1916 жылғы қарулы көтерілісінің орасан зор маңызын көрсете алмаған. 1926 жылы ол орыстың тарихшысы, профессор Шестаковпен бірігіп, көтерілістің 10-жылғы мерейтойына арнап «1916-1926» атты кітап жазып шығарады. Кітапта қазақ көтерілісінің Ресей империясы қол астындағы башқұрт, өзбек, қырғыз сияқты халықтардың да бас көтеруіне үлкен себеп болғандығына назар аударады, көтерілістің 1917 жылы патшаны тақтан құлатудағы атқарған елеулі ролін айтады [6, 65 б.] Сонымен қатар, автор қазақ көтерілісінің қаналушының қанаушыға қарсы «таптық» сипатта емес, отаршылдарға қарсы ұлт-азаттық бағытын атап көрсетеді. Қарусыз бейбіт халықты қырып, шаңырағын ортаға түсіріп, қора-қопсысын қиратып, малын айдап әкеткен патша әскерінің қиянаттық іс-әрекеттерін сынайды...

Ә. Бөкейхан халқының өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері мол мәдениетін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, сенім-нанымын, өнерін зерттеген ғалым. Ол қазақ ұлтының жүздік, рулық-тайпалық құрылымын талдап, қазақтың шежіресін жазған. Мәселен, оның Павлодар мен Қарқаралы уездерін мекендеген қазақтардың және төре мен төлеңгіттердің шежіресін жазып, Ф.А. Щербина экспедициясы «Материалдарының» IV (1903 жыл) және VI (1905 жыл) томдарында жарияланған [7, 84 б.].

Оның этнография саласында қатынасты жазған «Аңқау елге-арамза молда» немесе «О киргизских поминках» атты екі тілде қатар жарияланған мақаласы бар. «Би һәм билік»

атты мақаласында қазақтың заң мен билік мәселелері қарастырылады.

Қазақ тарихын жазуда басты дерек ретінде және тарихнамалық зерттеулердің ұстанымы ретінде Міржақып Дулатовтың шығармаларының құндылығы даусыз. Отандық тарихтың күрделі мәселелерінің бірі туралы оның 1911 жылы «Айқап» журналының №11 санында жарияланған «Жер мәселесі» деген мақаласы. Онда автор Қазақ жеріне келген орыс шаруаларының қоныстануының нәтижесінде қазақтардың жерінен айырылуы туралы айта келе, бір халықтың тұрмысын түп тамырынан бұзып, өзгерту орыс шаруаларының келуімен байланысты деп ой қорытады. Сонымен қатар енді қазақ халқының жер суға ие болып отырықшылықпен айналысу қажеттілігін қолдай келе былай дейді «...Жер көп-азболса да, бұл заман өнер-білім заманы болған шақта әр жерде жайылып жүргенде оқудан мақұрым қалармыз. Надан халық білімді халықтардың қасында өзінің діні, хақын сақтай алмай, дүниеден ақыры есебін бітіруі ықтимал...» дей келе қазақтардың отырықшы болып қала салып, кәсіппен айналысып, сауда қылып егін салуды үйреніп, оқу оқып, өнер тауып алдыңғы қатарлы халықтардың бірі болуға шақырады.

Оның Отандық тарихтың жан-жақты объективті тұрғыдан зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі тарихи тұлғалар. Мысалы, «Хан Абылай», «Ибраһим ибн Құнанбаев», «Шоқан Шыңғысұлы Уалиханов», «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынұлы», «Григорий Николоевич Потанин» деген мақалаларында атақты тұлғалардың Отандық тарихқа сіңірген еңбектерімен өмірбаяндары беріледі.

XX ғасырдың басындағы Отандық тарихтың күрделі мәселелерінің бірі Ресей Мемлекеттік думасына қазақтардың қатысуы туралы болды. Осы мәселе бойынша Міржақып Дулатовтың «Үшінші Дума һәм қазақ» деген екі мақаласы бар. Бұл мақалаларында думаның жер мәселесін шешуі қазақтардың думаға қатысуы арқылы осы мәселені шешуге қосқан үлестері туралы айтылса, қазақ даласына енгізілген земствоның маңызы туралы бірнеше арнайы зерттеулер жазған. 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Земство не нәрсе» деген мақаласында қазақ өзін-өзі басқаруға қолы жетсе, ең бірінші оқу, мал дәрігерлік, жол түзету, почтаханалар ашу, мұқтаждарға жәрдем беру мәселелерімен айналысуға мүмкіндік туар еді.

Оның ірі еңбектерінің бірі 1909 жылы жарық көрген «Оян қазақ». Бұл еңбек бүкіл Азия елдеріне ұран ретінде тарады. Отаршылдыққа қарсы қазақ халқын оятудың манифесі болып азаттық қозғалыстың жаңа толқынын туғызды.

Отандық тарихнамада Кеңестік дәуірде қазақ-қырғыз тарихы туралы, қазақтың ата-тегі туралы алғашқы зерттеулер жүргізген Алаш зиялыларының қатарында Міржақып Дулатовтың еңбектері ерекше. Соның бірі, оның «Қазақ-қырғыз тарихы туралы» деген мақаласында мынандай бүгінгі күні де өзектілігін жоймаған мәселелерге көңіл бөлген: «Қазақ-қырғыздың ата-тегі туралы», «Қазақ-қырғыздың аты, тегін теріс ұғыну», «Қырғыздың аты, тегі һәм қашаннан бері жұрт болғаны туралы», «Қазақ қалай қырғыз атанды», «Қазақтың аты, тегі һәм қашаннан бері жұрт болғаны туралы», «Қазақтың үш жүзге бөлінуі һәм алаш атануы» деген тарауларында ерекше талдау жасалған.

Отан тарихының өзекті мәселелері туралы өзіндік ұстанымы бар Міржақып Дулатовтың «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы №145 жылғы санында «Он алтының ойраны 1916 жыл», «1916 жылғы Торғай қазағының көтерілісі» атты мақалаларында автор 1916 жылғы маусым жарлығының шығу себебі, елде болып жатқан саяси оқиғалар жөнінде «Қазақ» газеті арқылы елге ақпарат тартты. Ол өз мақаласында сол кездегі қазақ зиялыларының арасындағы жарлыққа байланысты пайда болған ой-пікірлер туралы былай дейді: «... Өз өмірімізде басымызға тумаған ұлы дағдарысқа ұшырадық. Қайтпек керек? Не істейміз? Елге не айтамыз? Біздің басшылығымыз қандай болмақ керек? Елдің ризалық пен көңісі келмейтіні, балаларын бергісі келмейтіні, «соғыс», «солдат» деген сөздер ден өлердей қорқатыны, патша өкіметіне сенімі жоқтығы белгілі. «Көнбе, берме дейміз бе? Оның түбіне болады? Немізге сеніп, «көнбе» дейміз? Көнбейтін күшіміз

кайда? Біздің ұйымда күш жоқ. Барар жер, басар тауымыз белгілі. Ел бастап жүргендеріміздің күні кімде? Олардың бәріне бірдей сенуге болады ма? Қиын қыстау жан қиысуға шыдай ма? «Балапан басына, тұрымтай тұсына». Жұрттың көбі басамалдап кетпей ме? Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен қалқақтап келе жатқан надан қазақ, орыс өкіметінің табанында езіліп келе жатқан бейшара қазақ көнбеймін десе қор болмайма? Көнгені дұрыс па екен? Екеуінде де зиян бар екен. Екі зиянның қайсысы жеңіл болар екен?... Қайткенде бізге бұл жолдың біріне түспеске болмайды. Бірақ ондай төңкеріс қашан болады? Қалай болады? Ондай төңкеріс бола қалғанда қазақ жұрты көнбей қарысып отырып, соған аман-есен жете ала ма? Бұған біздің көзіміз жетпеді. Төңкеріс жолында қазақ жұрты құрбан болып ақ кетсін деуге дәтіміз шыдамады. Сондықтан біз екінші жолды қаладық көну керек дедік. Осыған бел байлағаннан кейін елге көзіне айтатын сөзіміз де, басшылығымыз да осы бетте болды. Тек неше түрлі сылтаумен соза беру жағын ғана ескеріп отырдық: пішен шабатын кез, егін оратын кез бірінің артынан бірі келе жатыр, мәулет сұраңдар дедік, халық әлі түсінген жоқ, әбден түсінсін, осыған пұрсат сұрауы керек дедік. Патшаның жарлығына қарсы емеспіз, бір ақ қазақтың жәйі күйі осындай өгей баланың өксігіндей сөздерге ғана ие болуға жарадық...» деген қорытындысынан 25-ші маусымда жарлықтың мәнін түсіндіріп, қазақ халқы тек қара жұмыстарды өтеуге ғана емес әскери қызметке алынсын деген талап қою, қазақтарда өзгелер қатарында соғыс майданында қару жарак асынып, мемлекетті қорғауға лайық деп мақаласында көрсетеді.

Сонымен қатар, Торғайдағы көтерілістің басында тұрған Әбдіғапар, Амангелді, Кейкі батырлар туралы баяндайды. Қазақ газеті арқылы елдің әр аймақтарынан – Ақтөбе, Ырғыз, Торғай, Орынборда болып жатқан көтерілістер, жиналыстар, болыстардың тізім жасаудағы әділетсіздіктерінің салдары туралы жазып отырғандарын баяндаған.

Мақалада қазақ зиялыларының маусым жарлығына көніп 19-41 жастағы ер азаматтарды майданға жібермесе елдің басына төнетін қиыншылықтардан сақтандыра келе былай деп жазған: «...Қысқасы, көну керек деген сөзді тыңдайтын халық көрінбейді, ол сөзді айту да қиын болды. Көбінің ұйғарғаны – соза беру, егін. Пішен, шаруа жайын айтып кеңшілік сұрау, жалқы жігіт қалсын, пәлен алынбасын, деген сықылды жобалар болды... Қазақ арасындағы толқын басылған жоқ. Елхан көтерісіп, сарбаз жинауға кірісті. Сол жаздың өзінде-ақ, әсіресе, күзге қарсы ел-елге әскер шыға бастады. «Соғыс ерлер туғызады деген орыс мақалынша әр жерден, әр елден ерлер шықты, ондай ерлерін ақын, халық жырлады, мақтады, өліп кеткендерін жоқтады...»

...Міне, осылайша «Сайланған сары әскер» қарсылық қылған елдерге лек-легімен аттанып, қазақ-қырғыз даласын қызыл қанға бояуға кірісіпеді. Он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейдегі ұлы төңкеріс болмаса, неболар еді?!...»

Осы мақаладан 1916 ұлт-азаттық көтеріліске қазақ зиялылары ат салыспады деген көз қарастардың жалған екендігін көруге болады.

XX ғасырдың басында Отандық тарихтың өзекті мәселелерінің бірі қазақ тілі болды. Соған байланысты Міржақып Дулатовтың 1926 жылдың 27 мамырында «Ауыл тілі» газетінде «Қазақ тілі мұңы» (Мыңбайұлы Жалау жолдасқа) атты мақаласы шықты. Мақалада автор қазақ тілінің Отандық тарихтағы орны, сонау ерте замандағы құзыреттілігі туралы айта келіп, Ресей отаршылдығы кезінде өзінің мәнін, мағынасын, қоғамдағы орнын жоғалтқандығын әдеби тілмен жазған:

«...Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен нар кескендей өткір едім.

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?[8]

Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Өлі де ұшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды.

Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (Байтұрсынов) деген кісіден ғана естідім.

Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса бейшара қазақменен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жәндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмәштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едік. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін...

Жанның бәрі теңдік алып жатқан кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып кім көрінген созғылай бастады. Өзгені не қылайын, отаршылдық саясатын қолданбас-ау дейтін білім кеңесі екеш білім кеңесі де мені аямады. «Етістік», «сәрсендеме» деген жалаларды әкеп жапты маған. Бұйырмасын біздің арамызда мұндай атты соғылғандар туралы болып көрген емес. Не амалың бар? Құдай басқа салған соң көніп отырмыз. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ.

«Қазақыландыру» бірпәлесі шықты да көрген күнім бұрынғыдан да қараң болды. Бірдемені бұтып-шатып жазды да, міне, сені қазақыландырдық дейді. Жақын арада Қазалы дейтін қалада «кәператив күні» деген бір күн болып, жұрттың бәрі желігіп көшеге шықты. Ұялғаным-ай кірерге тесік таба алмадым. Қолдарындағы қызыл туына сондағы жазғаны мынау: «Арзан тауара де дебенге һәм ауылдарға арзан астығ жұмыскерлер кетубі жақсу. Назыққанда амал билелдік жеккуле-кпл! Жоғарлатуна керекканунесамкдін арзандауығатауар-лердеесемен жегереуктабріңклаб».

Міне, жұртым, мені Қазалының «қазақыландырған-дағысы» осы! Жасаған-ай, о мұндайда қазақыландыру болады екен! Енді қайтемін? Бұл мұңымды кімге айтамын, кімге шағамын!...» деп билікте отырған Мыңбайұлынан қазақ тілінің жағдайын жақсарту туралы жазған мақаласы бүгінгі күнде мемлекеттік тілдің статусын көтеру туралы мәселемен сабақтастығын көруге болады.

Қорыта айтқанда Алаш зиялыларының барлығында Отандық тарихтың өзекті мәселелеріне арнап еңбектер жазып өз көзқарастарын білдірген.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. – Т. 1. – 1998. – 512б.
- 2 Тынышпаев М. Великие бедствия (Ақтабан шұбырынды). – Алматы, 1992.
- 3 Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993.
- 4 Байтұрсынұлы А. Ақжол: өлеңдер мен тәржімелер публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 5 Қозыбаев М. Ахмет Байтұрсынов – XX ғасырдың ұлы реформаторы // Киелі тәуелсіздік / Құраст. І. М. Қозыбаев. – Алматы: Баспаларүйі, 2009. – 448 б.
- 6 Бөкейхан Ә. Таңдамалы: шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 2003. – 224 с.
- 7 Бейсенбекова Н. А., Шотбакова Л. К., Смагулова Г. М. Әлихан Бөкейхан – ұлт мақтанышы. – Қарағанды: Гласир, 2016. – 198б.
- 8 Міржақып Дулатұлы "Қазақ тілінің мұңы"

ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН Б.И. ЯСЕНЕЦКИЙ ДІҢ ҚАРҚАРАЛЫ ЖЕРІНДЕГІ ІЗДЕРІ

Смагулова Г.М., т.ғ.к., профессор
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан